

**Нұр-Сұлтан қаласы Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш»  
мектеп –лицейі әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022 -2023 оқу жылында жүргізілетін жұмыстар  
бойынша қамқоршылық кеңесі отырысының  
№ 1 хаттамасы**

«6» 10 2022 жыл

**Қатысқандар саны – 13.**

**Күн тәртібінде:**

1. «Мектеп, ата-ана, оқушы» үштік одағының 2022-2023 оқу жылына бірлескен жұмыс жоспарын бекіту. Б.К.Шаңбаева – қамқоршылар кеңесінің төрайымы.
2. 2022-2023 оқу жылына ата-аналардың өтініштері мен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып ақылы курстар ұйымдастыру. Б.К.Шаңбаева – қамқоршылар кеңесінің төрайымы.
3. Мәдени орталықтарында ақылы өткізілетін іс-шәлаларға оқушыларды қатыстыру (оқушылар сарайы, театрлар). Музейлерде сабақ өткізу, театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға, әксурсияларға тегін апару. Қамқоршылар кеңесінің төрайымы - Есембек Бағдат Мырзахалыұлы
4. Мектеп асханасында оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру бойынша бракеражды комиссия құру туралы. Мырзағали Жанар Сайлаубекқызы – ата-ана, қамқоршылар кеңесінің мүшесі.
5. Тегін өткізілетін үйірмелер мен спорт секцияларын ұйымдастыру туралы Султангазина Айгерім Кабдрахмановна ата-ана, қамқоршылар кеңесінің мүшесі.

**Тыңдалды:**

**1 мәселе** бойынша, сөйлеген қамқоршылық кеңесінің төрайымы Шаңбаева Бақыт Қасенқызы.

«Мектеп - ата-ана- оқушы» үштік одағының 2022-2023 оқу жылына бірлескен жұмыс жоспарымен таныстырды. Мектеп асхансының жұмысын бақылау, жетім, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Өнеге» әжелер клубының жұмысын жалғастыру, «Ғасырлардан жеткен жаңғырық» Райымбек батыр туралы дастандар мен поэмаларды мәнерлеп оқу қалалық сайысын өткізу, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға оқушылардың қатысуына жағдай жасау, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына ата-аналарды тарту жұмыстары жоспарда көрсетілгенін айтып өтті.

Барлық қамқоршылар кеңесінің мүшелері де осы жұмыстарға ат салысып, белсенді болуларыңызды сұраймын.

**2 мәселе** бойынша, 2022-2023 оқу жылына ата-аналардың өтініштері мен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып ақылы курстар ұйымдастыру

керектігі туралы қамқоршылық кеңесінің төрайымы Шаңбаева Бақыт Қасенқызы айтты. Атап айтсақ, шахмат, «Алыпсоқ» қазақ күресі өнері, домбыра, би үйірмелерін өткізу керек.

**Сөйлеген** ата-ана Султангазина Айгерім Қабдрахманқызы – қамқоршылар кеңесінің мүшесі:

Аталған мәселе ата-аналар арасында талқыланып, төлем құны айына 12 000 (он мың) теңге болуын және мектеп ғимаратында болғаны ата-аналармен оқушылар үшін ыңғайлы екенін жеткізді. Үйірме аптасын 3 сағат, айына 12 сағаттан болғанда, 1 сағаты 1000 теңгеден келеді.

Мырзағали Жанар Сайлаубекқызы-ата-ана, қамқоршылар кеңесінің мүшесі сөз алды:

«Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2017жылғы 14 желтоқсанындағы №771 бұйрығы негізінде 2022 -2023 оқу жылында жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қосымша білім беру аясын кеңейтуді және инфляция деңгейін ескере отырып, осы қызметтердің құнын ұлғайту туралы айтты. Ағылшын тілі пәніне оқушылардың қызығушылықтары артуына байланысты курстарды көбейту керек. Ағылшын тілі курсының бағасы айына 6400 теңге, аптасына 2 сағат болуын ұсынамын. Қосымша білім беру курстарының мектеп ғимаратында болғаны ата-аналармен оқушылар үшін ыңғайлы екенін жеткізді.

Ұсыныс бірауыздан қолдау тапты.

**3 мәселе** бойынша, Қамқоршылар кеңесінің төрайымы - Шаменов Мерей Ерболұлы сөз алды: Мәдени орталықтарында ақылы өткізілетін іс-шәлаларға оқушыларды қатыстыруға болады. Мектебімізге Әль-Фараби атындағы оқушылар сарайы жақын орналасқан, оқушылардың баруына қолайлы, барлық жағдай жасалған. Театрға бару бару арқылы оқушы дұрыс сөйлеуге, өзін-өзі ұстай білуге, театр мәдениетіне үйренеді. Оқушылар сарайы мен театрларға ақылы өткізілетін іс-шәраларға баруға болады.

Сондай-ақ Музейлерде сабақ өткізу, театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға, экскурсияларға тегін апару туралы ұсынысым бар.

**4 мәселе** бойынша, мектеп асханасында оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру бойынша бракеражды комиссия құру туралы қамқоршылар кеңесінің мүшесі Мырзағали Жанар Сайлаубекқызы айтып өтті. Мектеп асханасында оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету үшін бракеражды комиссия құрылсын. Бракеражды комиссия мүшелігіне 1-11 сыныптардан ата-аналар енгізілсін және де асхана жұмысын білетін болғаны дұрыс.

**5 мәселе** бойынша, Тегін өткізілетін үйірмелер мен спорт секцияларын ұйымдастыру туралы Султангазина Айгерім Қабдрахмановна ата-ана, қамқоршылар кеңесінің мүшесі сөз алды:

Мектепте оқушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін, ата-аналардың өтініштерін ескере отырып, тегін спорт және үйірме жұмыстары

ұйымдастырылғаны дұрыс. Спорттық үйірмелер: волейбол қыздар, волейбол ұлдар, баскетбол қыздар, баскетбол ұлдар, футбол, қазақ күресі, ұшқыр доп, шаңғы. Спорттық үйірмелерді дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жүргізеді. Әрқайсысы 2 сағаттан өткізеді.

Үйірмелер: хор, «Жас құтқарушы», «Арлан» патриот клубы, «Домбыра», «Қыштан құмыра жасау», «Ракета модельдеу», «Қолөнер бұйымдары», «Қолданбалы қолөнер», «Шекара қалқаны», «Вокал». Осы үйірмелерге оқушылардың қызығушылықтары бар. Үйірме жұмыстарын аптасына 2 сағаттан өткізуді және осы үйірмелерге жетім, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар қатыса алады.

### Шешім:

1. «Мектеп - ата-ана- оқушы» үштік одағының 2022-2023 оқу жылына бірлескен жұмыс жоспары іс-шаралар өткізілсін. Жауапты қамқоршылар кеңесі.
2. Ата-аналар арасынан бракеражды комиссия құрылып, мектеп-лицейда тамақтандарудың мониторингі жүргізілсін. Жауапты бракеражды комиссияға жүктелсін.
3. Мәдени орталықтарында ақылы өткізілетін іс-шараларға оқушылар қатыстырылсын. (оқушылар сарайы, театрлар). Музейлерде сабақ өткізу, театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға, экскурсияларға тегін апарылсын.
4. 2022 -2023 оқу жылында жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қосымша білім беру аясы кеңейтілсін. Ақылы қосымша білім беру қызметін оқуға келісімшарт жасалып, қызмет ақысы, мерзімі және төлеу тәртібі төмендегі кестеде көрсетілген мөлшер бойынша бекітілсін.

#### Ақылы үйірмелер

| № | Үйірме атауы                 | Апталық жүктеме саны | Жалпы құны бір айға |
|---|------------------------------|----------------------|---------------------|
| 1 | Домбыра                      | 3 сағат              | 12 000 тг           |
| 2 | Би                           | 3 сағат              | 12 000 тг           |
| 3 | Шахмат                       | 3 сағат              | 12 000 тг           |
| 4 | «Алыпсоқ» қазақ күресі өнері | 3 сағат              | 12 000 тг           |


#### Ақылы ағылшын тілі

| № | Үйірме атауы | Апталық жүктеме саны | Жалпы құны бір айға |
|---|--------------|----------------------|---------------------|
| 1 | Ағылшын тілі | 2 сағат              | 6400 тг             |

Жауапты қамқоршылар кеңесі.

5. Тегін үйірмелер мен спорт секциялары ұйымдастырылсын.

| №  | Үйірме атауы          | Апталық жүктеме саны |
|----|-----------------------|----------------------|
| 1  | Домбыра               | 2 сағат              |
| 2  | Вокал                 | 2 сағат              |
| 3  | «Арлан» патриот клубы | 2 сағат              |
| 4  | «Шекара қалқаны»      | 2 сағат              |
| 5  | «Қыштан құмыра жасау» | 2 сағат              |
| 6  | «Ракета модельдеу     | 2 сағат              |
| 7  | «Қолөнер бұйымдары»   | 2 сағат              |
| 8  | «Қолданбалы қолөнер»  | 2 сағат              |
| 9  | Волейбол қыздар       | 2 сағат              |
| 10 | Волейбол ұлдар        | 2 сағат              |
| 11 | Баскетбол ұлдар       | 2 сағат              |
| 12 | футбол                | 2 сағат              |
| 13 | Ұшқыр доп ұлдар       | 2 сағат              |
| 14 | Ұшқыр доп қыздар      | 2 сағат              |
| 15 | Шаңғы                 | 2 сағат              |
| 16 | Қазақша күрес         | 2 сағат              |
| 17 | Хор                   | 2 сағат              |

Қамқоршылар кеңесінің төрайымы:  Б.Шаңбаева

Хатшы 